

ЖАРКЕНТ

№4 (48),
27 ақпан,
сенбі, 2021 жыл,
jar-aina@mail.ru



Айнасы

Қоғамдық-саяси, ақпараттық-экономикалық, тарихи-танымдық газет

ОРБҰЛАҚТЫҢ ОҒЛАНЫ

Белгілі жазушы, мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Бексұлтан Нұржекеұлы 80 жаста



Бексұлтан аға дегенде, менің ойыма әлі күнге дейін сонау өткен ғасырдың 1969 жылы, өзімнің мектеп қабырғасында оқып жүрген кездегі балаң көңіліме қанат бітірген бір қуанышты сәтім орала кетеді. Сол кездегі кеңестік идеологияның «жас қайраты» – комсомол қатарына қабылдану үшін оның Жарғысының талаптарын күн-түн демей жаттап, онымен қоса «Аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы Бексұлтан Нұржекеев» деп мүдіріп қалмау үшін сан қайталап, Жаркентке толқи-толқи барып ек. Ал, комсомолға қабылдансаң, мектептегі ең беделділердің қатарына қосылғаның. Не керек сонымен, ақ тер көк терге түсіп, Бексұлтан ағамыз бас болып, қабылдау өткізген екі-үш адамның сұрақтарынан сүрінбей өтіп, комсомол атандық. Үлкен бір өмір белесіне көтерілгендей бала көңіліміз бұырқана асып-тасып еді сол күні. Есеюіміздің алды болып, алғырт көңілімде қалып қойған қуанышты күнім бірден есіме оралады дегенім сол. Арада бірер жыл өтпей-ақ ағамызды жазушылық қырынан тани бастадық

«Әдебиет – ардың ісі» деп өте дәл тауып айтылған-ау! Ал сол әдебиет майданындағы әр қаламгердің ардан аттамай, қай қоғам, қай жағдайда болмасын жоғары адамгершілік көзқарасынан ауытқып кетпей, қара қылды қақ жара білуі – асқан жанкештілікті қажет етеді дейтін болсақ, шын жазушының көтеретін жүгіннің салмағының қаншалықты ауыр екенін бағамдай беріңіз. Бүгін міне жасы сексеннің сеңгіріне келіп отырған жазушы ағам Бексұлтан Нұржекеұлын мен шын мәніндегі әдебиет ардың ісі деп қарайтын талант иелерінің бірегейі деп батыл айта аламын. Бұл жөнінде үлкенді-кішілі қаламгерлер аз айтқан жоқ, аз жазған жоқ. Әлі де жазыла береді. Сонда да жазушының сөз жауһарына бір сәт көз жүгіртелік:

«Көп гүлден жазықтың үсті кілем жатқандай. Алуан гүлдің ажары айналасына сан сымбатты сәуле ойнатып, көп бояу мен құбылмалы нұр қыраттың үстін тап бір тойлы ауылдың көркіндей құлпыртады. Қоңыржай самал жазықтың өңін әп-сәтте әр саққа өзгертеді. Шалғынның басын дамылсыз шайқақтатып, гүлдердің шоғы мен жапырағын сапырылыстырып жарқ-жүрқ аударады», – деп Аққайқыны суреттеуі, немесе:

«Әтіке тау басында ат шалдырым уақыт аялдады. Алыстан мұнартқан Алатауға, жыланның түлеп түскен қабығы құсап жылтырап жатқан Іле өзеніне ерекше мұңды сағынышпен қарады» деп туған жер табиғатының, әсіресе сол ауылдан шыққан біздерге етене таныс көріністерін бұлжытпай суреттеген жолдарын оқығанда балғын балалық шағымыздан шалғынына сан аунап өскен туған ауылды ансап, бәріне қолды бір сілтеп тартып-ақ кеткің келеді. Әбілхан аға Қастеев бізге әр бұтасы, әр тасы таныс өлкемізді қылқаламман бұлжытпай бейнелеп, көз алдымызға қалай әкелсе, Бексұлтан ағамыз шұрайлы сөзімен дәл солай шебер суреттеп жеткізді. Нені жазса да жан-дүниесімен тебірене жазатын, оқырманын ойға батыра жазатын Бексұлтан ағамыздың тарихқа қатысты шығармаларын да толқынысыз оқуың мүмкін емес. Ел мен жер үшін қанды шайқас болып өткен Орбұлақ топырағына сан ғасырдан соң тағзым етіп тұрған Жекейдің ішкі толқынысын былайша жеткізеді:

«Ордың көмескі ізі бір сәт жотаның үстінен жүлгелеп аққан қан құсап кетті. Жүрек түкпірінен тұншығып, ышқына шыңғырған бір дауыс естілгендей болды. «Бізді неге ұмыттыңдар?! Бәрі сендер үшін емес пе еді?!» деген жазғыруды жан-дүниесімен сезіп, тұла бойы шымырлап қоя берді» («Жайлаудағы жиырма күн»).

«Шөбі емес, көгі емес, жердің сұлулығы тарихында екен ғой тегі», – деп ой түйгізеді аталған повесінің тағы бір кейіпкері Нұрлықожаға.

Егер бүгін әйгілі Орбұлақ соғысы болып өткен жер ғасырлар қатпарына көмілген біздің ерлікке толы тарихымызды танытын, тани отырып жігерімізді жанитын ең бір киелі де шежірелі мекенімізге айналып отырса, бұған әуелгі кезекте жазушы Бексұлтанның сіңірген еңбегі орасан.

Кеудесінде жылт еткен оты бар ұл, Еліне арнар оқыған, тоқығанын. Егіннің де үңілдің шын тарихқа, Орбұлақтың уыстап топырағын! – деп осыдан тұп-тура жиырма жыл бұрын Бексұлтан ағамыз алпысқа толғанда арнаған өлеңімде жазыппын.

Қанша көсілсе де шабысынан жаңылмайтын қас тұлпарлар болады. Сондай шашасына шаң жұқтырмайтын қас тұлпардың бірегейі екенін жасы жетпісті мол орталап қалған кезінде, 2016 жылы жазған «Әй, дүние-ай» романымен дәлелдеді. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығын алған осы шығармасында образын сомдаған Шәйінің 1916 жылдардан кешегі Тәуелсіздігімізге қол жеткізген 1991 жылға дейінгі кезеңдегі басынан өткізген өксікке толы өмірін баяндау арқылы бүгінгі ұрпаққа халқымыздың қандай азапты жолдардан өткенін жетесіне жеткізе жазды. Қаһарлы 1986 жылдың Желтоқсан оқиғасы кезінде алаңға барғаны үшін немересі Кәусеннің маңындағы қатыгездердің қорлығына шыдамай өлім құшуы, онсыз да кеудесі шерге толы Шәйіні қаусатып-ақ тастады. Енді көрмегенім осы ма деп күйіп кеткен кейуана кемпірдің «Көзімді ашқалы көргенім қорлық, енді міне сол қорлықты немерем көрді. Осылардан қорлық көру үшін жаралып па ек!» деген кекке толы ащы айқайын бүгінгі ұрпақтың құлағына жеткізе білді.

(Жалғасы 3-бетте)

(Жалғасы. Басы өткен нөмірде)

ЖҮЗ ЖЫЛ БҰРЫНҒЫ ЖАРКЕНТ

(Жаркент уезі. 1926 ж. 01 қаңтардағы мәліметтер бойынша)

Ендігі кезекте Жаркент уезін мекен ететін жануарлар әлеміне қысқаша шолу жасаудың да реті келіп тұрған сияқты. Дегенмен арлы – берлі ойға салып саралап байқасақ өңірдің ажырамас бір бөлігі болып табылатын бұл сала аз зерттелгенге ұқсайды.

Тау – тас пен сайын даланы, өзен – көлдер мен құмды жерлерді мекендеген түрлі жәндіктермен бірге тұз тағылары аталатын жабайы жануарлары да жетерлік. Мәселен, Іле Алатауының төменгі шөлді табиғат зонасынан бастап, суармалы егістік жерлерде, сонау жоғарыдағы альпі шалғыны мен мәңгі қар мен мұздықтар жатқан тау басын мекендеп өсіп, тіршілік етіп жатқан әр жануардың өзіне тән өзгешелігі болады. Шыршалы орманда бұғы, елік, сілеусіндер, ал, альпі шалғынында таутеке, арқар мен барыстар көптеп кездеседі. Сондай-ақ, жыртқыш аңдардан – бурыл аю Текес өзені алқабын мекендесе, Қаратау қойнауында ақ тырнақты Тянь-Шань аюлары бар. Жетісу Алатауында кәдімгі борсық, Текес жағлауларында тас сусары, қашқар сусары, және уездің шығыс, оңтүстік-шығыс бөліктерінде кәдімгі сасықкүзен, аққалақ, аккіс, Шарынның төменгі ағысындағы жағалауларында камшат тіршілік етеді. Балқаштың ит тұмсығы өтпес ну қамысын – жолбарыс, барыстар мекен етсе, сондай-ақ, Жетісу Алатауы мен Теріскей таудың шыршалы ормандарында сирек болса да тіршілік етіп жүрген мысық тұқымдасына жататын сілеусіндер де бар. Аталған аңдармен қатар уездің таулы, далалы алқаптарында: орман мысығы, сұр, қызыл қасқырлар, түлкі мен қарсақ және өңірдің оңтүстік-шығысында қара түлкі көптеп кездеседі. Іле өзені алқабының тау етектерінде көбіне түрлі шөптердің тамырымен қоректенетін жабайы қабандар табынымен жайылып жүреді.

Далалы жерлерде аз да болса сайғақтарға жолығасыз, ал, Іле өңірінде қарақұйрықтар топ-тобымен өріп жүреді. Биік таулы аймақтар мен орманды жерлерде – марал, арқар, тауешкі мен еліктер үйірімен тіршілік етеді. Текестің тоғайлы жерлерінің бәрінде қоянның неше түрі, саршұнақ пен бозсуыр, актиндер өздерінің жарасымды тіршілік әрекетімен табиғаттың мәнін келтіріп-ақ тұр. Текестің жоғарғы ағысы мен Шалкөдесу аумағында жайра мен дала тышқандарының да түр-түрі мекендейді.

(Жалғасы 2-бетте)

ҚҰНДЫЛЫҚТАР КӨМБЕСІ

(Бексұлтан Нұржекеұлы шығармашылығындағы ұлттық құндылықтар)

Қазіргі кезеңде гуманитарлық ғылым салаларындағы ең өзекті идеялардың бірі – ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар арқылы бәсекеге қабілетті адам тұлғасын қалыптастыру, оны рухани-адамгершілік тұрғыдан дамыту болып отыр. Яғни ғылымның, білім мен тәрбие берудің, өнердің аксиологиялық сипаты алғашқы орынға шықты. Әдебиетті – сөз өнері ретінде қарастырсақ, оның тек жеке дара адамды өзіне-өзін үңілте қарататын ғана емес, тіпті жалпы ұлтты өзін-өзіне құндылықтары арқылы таныта алатын, болмысын түйсінтетін қасиеті көрінеді.

Жаркент топырағының тумасы, қаламы қарымды қаламгер Бексұлтан Нұржекеұлының шығармашылығын дәл осы аксиологиялық тұрғыдан қарастырып көрсек, Мемлекеттік сыйлыққа ие болған «Әй, дүние-ай» романы ұлттық құндылықтардың көмбесі екенін байқаймыз.

Күллі қазақ оқырманы Бексұлтан Нұржекеұлы «Құтмен кешкен ғұмыр», «Бір ғана махаббат», «Ерлі-зайыптылар», «Жау жағадан алғанда», «Әй, дүние-ай» т.б. көлемді шығармалары арқылы жазушылық қырынан және «Өзендер өрнектеген өлке» атты тарихи-танымдық эссесі, Шыңғысхан, Орбұлақ шайқасы туралы т.б. баспасөз бетінде жарияланған мақалалары арқылы зерттеушілік қырынан да біледі.

Жалпы, қазақ әдебиетінде 1916 жылғы көтеріліс XX ғасыр басында-ақ көптеген ақындардың жыр-дастандарына, жазушылар шығармаларына, атап айтсақ, Мұхтар Әуезовтың «Қилы заман», Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол тайғақ кешу», XX ғасыр ортасында Асқар Сүлейменовтың «Бесатар» шығармаларына тақырып болса да, неге Бексұлтан Нұржекеұлы осымен тәмам деп тоқтөңілісімей «Әй, дүние-ай» романына да дәл осы 1916 жылғы оқиғаны арқау етіп алған деген сұрақтың туатыны заңды.

Егер М.Әуезовтың «Қилы заманында» 1916 жылғы Қарқара жеріндегі көтерілістің негізінен әлеуметтік мәніне назар аударылып, көтерілістің себептері мен оның қызған шағындағы халық батырларының әрекет үстіндегі кесек образдары сомдалса, С.Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешуінде» 1916-1919 жылдар оқиғалары қамтылып, Солтүстік Қазақстан өңіріндегі көтерілісті көрген, оларға басу айтқан куәгер ретінде, автобиографиялық роман сипатында жазылған. А. Сүлейменов шығармасының көркемдік ерекшелігі айналдырған алты образдың көзімен (оның екеуі өзге ұлт өкілдері) 1916 жылғы 7-8 маусым күндеріндегі оқиғалар суреттеліп, Түркістан жеріндегі көтерілістің мәні ашылған. Кеңестік кезеңде жазылған шығармалардың идеологиялық цензурадан өткені анық. Ал Б. Нұржекеұлы шығармасының көркемдік уақыты сонау 1916 жылғы Жетісу жеріндегі Қарқара көтерілісінен басталып, Қазақстан егемендігін алғанға дейінгі кезеңді романның бас кейіпкері Шәйінің тағдыры арқылы қамтиды. Тәуелсіздік рухының әсерімен жазғандықтан болар, көтерілістің салдарын, жазалаушы отрядтың жауыздықтарын, халыққа тигізген зардабын ашына суреттейді.

Яғни қаламгерлер әрбір жаңа кезеңде ұлт басынан кешірілген қасіретке өз дәуірінің көзімен қайта қарап, уақыттың көркемдік принциптері тұрғысынан бағалауға талпыныстар жасайтынын көреміз. Оның үстіне Б. Нұржекеұлының



туған өлкесінде болып өткен тарихи жайт туралы кезінде көнекөз қариялардан естіген әңгімелері, халықтың жадында сақталған аңыздар, мұрағаттан табылған көптеген деректер, ұдайы ізденіс, жазушының көркемдік кемелденген тұсы, оны осы тақырыпқа батыл қадам жасауға итермеледі деп ойлаймыз. «Әй, дүние-ай!» романы басталған алғашқы беттерінен-ақ жеңгесі мен қайын сіңлісінің жарасымды қарым-қатынасына, қазақы салт-дәстүрді құрметтейтін, ибалы келіннің әрекеттеріне куә боламыз.

«– Сен зәлімсің! Сенсің оған мені әдейі көрсетіп жүрген, – деді қыз бұртиып.

– Ол – менің жеңгелік борышым, жаным. Себебі сен бақытты болмай, мына біз – әке-шешен мен аға-жеңге – бақытты бола алмаймыз. Оны сен ақылың бар ғой, түсінуге тиіссің, Жібекжан», – дейді жеңгесі.

Романның бас кейіпкері Шәйіні «ат тергеу» дәстүрі бойынша жеңгесі лайықты есім беріп, «Жібекжан» деп еркелете атайды. Тілдік тұрғыдан, мұнда зат есімнің реңк мәнін тудырушы – жан жұрнағы экспрессивтік, эмоционалды сипат беріп, сөйлемнің функционалдык-семантикалық өрісінде «өзімсіну», «еркелету», «сыйлау» мағыналарын тудырады. Бір ауыз сөз – отбасылық сыйластықтың жарқын формасы ретінде көрінеді. Бұдан салт астарында жатқан «құрметтеу», «үлкенді сыйлау», «кішіге ізет көрсету» секілді ұлттық құндылықтар көрінеді. Дәстүрлі қазақ қоғамында бойжеткен мен бозбалаға ата-анасы тіке айтып түсіндіруге ыңғайсызданатын кейбір мәселелерді түсіндіру жеңгенің міндетіне енетін. Бұл туралы қазақтың үш мықтысы – Ақселеу Сейдімбек, Хангелді Әбжанов, Қойшығара Салғараұлының «Ұлттық идея: тарихи тағдыры мен болашағы» атты зерттеу еңбектерінде: «Халқымызда бала тәрбиесінен ешкім тысқары қалмайды. ...отбасы мектебінің тәрбие беру сатысы – ата тәрбиесі, әже тәрбиесі, әке тәрбиесі, шеше тәрбиесі, аға тәрбиесі, жеңге тәрбиесі болып бөлінеді.

...Балалық шақтан қол үзіп, бой түзей бастаған бозбала мен бойжеткендер үшін ағайын-туыс арасында тетелес өскен аға мен жеңгеден артық ешкім болмайды. Әсіресе қайыны мен қайынсіңлісіне еркелетіп ат қойып, ең жақын сырласына айналған жеңгенің орны да, жөні де бөлек. Өйткені ұл да, қыз да ешкімге айтпайтын жан құпиясын жеңгесіне ашады. Соған сай жеңгелері де қайыны мен қайын сіңлісінің жаман атын шығармай, өнегелі азамат атанып, болашақ жарларын дұрыс таңдауына көмектеседі...» - делінген. Ежелден келе жатқан игі дәстүрлер отбасындағы береке-бірлікті нығайта түсіп, ата-бабаларымыз ойлап тапқан даналық пен ұлағаттың кейінгіге үлгі екенін көруге болады. Ең алдымен дәстүрдің тәрбиелік мәні ашыла түседі, яғни үлкендердің өмірлік тәжібиресі дәстүр арқылы кейінгіге зорлықпен таңылмай, табиғи түрде беріліп отырады. Сонда ата-бабаларымыз қоғамдық өмірді заңмен емес, салтқа айналған әдет-ғұрыппен, жөн-жобамен реттестіріп отырғанын көреміз.

Жер бетін мекен ететін барша адамзат үшін ең үлкен құндылық – өмір екені ақиқат. Қазақ халқы да әуелі адам өмірін қадірлейді, бірақ жаннан жоғары бағалайтын нәрселері де көп. Мәселен, «Таласқа түссе жан мен ту, жан емес маған керегі, көк тудың желбірегені», «Малым жанымның, жаным арымның садақасы», «Е, құдайым бала бер! Бала берсең, сана бер! Егер сана бермесең, қайтып өзіңе ала бер!» деп біраз нәрсе үшін жанды да құрбан етеді. «Әй, дүние-ай» романында ұлттың адам жанынан жоғары бағаланатын құндылығы – ұрпағы екені көрініс тапқан. Көтерілістің себебі де сол ұрпақ амандығы, ұраны: «Берсек – бала өледі, бермесек – шал өледі. Бала өлгенше, шал өлсін! Бала бермейміз!» деген уәж.

Өмірәлі қарт жалғыз ұлы Тазабекке: «...Бізді былай қойғанда, қазақ атаулы ертең жер бетінде қала ма, жоқ па, оны бір құдай білмесе, адам білмейді. Маған тез арада ұрпақ сүйгізбесең, бұл тірліктің бәрі бекер. Ел басына күн туды. Енді жайбаракат жүргенің – алдымен өзіңе жаулық. Өріден ойласаң, еліңе жаулық. Осы бойдақ жүргенің де жетер, енді үйлен» деп жылдамдатып ертесі құда түсіп, тездетіп жастардың басын қосуға тырысады.

Қартайғанда бірденкеге ұшырап қалып жүрер деп қауіп қылып, бармай-ақ қойыңыз деген ұлына Тілеулі қарт та: «...Сені аман сақтау үшін мен өлсем, шәйтпін. Ата-бабамыз ежелден ұрпағы үшін өзін құрбандыққа байлаған. Ол дәстүрді бұзып, қарабет болар жәйім жоқ...» деп кесіп айтып, жәрмеңкені шабуға көппен бірге барады. Оққа ұшып жаралы жатқанында: «...Кеште бар адам танертең жоқ болсан туды. Өмекеңнің аруағы разы болсын, кеудемде жаным барда құда болайық деген өтінішін орындап, екі балама аталық батамды берейін:

А, құдайым ондасын!

Пайғамбарым қолдасын!

Дәм-тұздарың елден бөлінбесін!

Ұл-қыздарың ағайыннан ажырамасын!

Құдай бір-біріне мейір берсін!

Қосақтарыңмен қоса ағаратын ғұмыр берсін!

Жазықсыз жаладан, мезгілсіз қазадан сақтасын!

Қазақтың бақытты болған күнін көріндер!

Халықпен бірге өсіп-өніңдер! Әумин!» – деп батасын беріп Тазабек пен Шәйіні қосады. Қарап отырсақ, өмірінің мәні саналған ұрпағына бар жақсы тілегін жаудырып отырған осы батадан-ақ халық қадірлеген құндылықтар айқын көрініп тұр.

Басты мән беріле айтылған нәрселер ішінде «дәм-тұздарың елден бөлінбесін, ұл-қыздарың ағайыннан ажырамасын» деген ой арқылы бауырмалдық, ағайыншылық, бірлік секілді құндылықтарды бөліп көрсетуге тұрарлық. Небір қиын-қыстау заманды басынан өткеріп, аштықты да, тоқтықты да, қудалау мен зорлықты көріп, сонда да



қажымай еңбектеніп, балаларын өсірген, оларды қанаттандырып, немере-шөбере көрген Шәйі сексен тоғыз жасында Қалимен бақұлдасып: «Бір-ақ нәрсеге көңілім тоқ: сенің немере-шөберелерің менің немере-шөберелеріммен туыстарша араласып келеді. Қазақтың бірлігі деген – сол. Екеуіміздің еш кетпеген еңбегіміз де осы. Өзекті жанға бір өлім – хақ. Қиналма! Қапаланба! Ез боп өмір сүрген жоқсың, аштықта да, тоқтықта да, қиналғанда да, қарық болғанда да елден бөлектенген жоқсың. Ұрпағың елдің бетіне именбей, еңкеймей қарайды!» деп көзін жабады. Мұнда да адам өмірінің мәні ұрпағыңның көзіне ақжарқын жүзбен тайсалмай қарай алуы, бауырмалдықтың, ағайындықтың алтын арқауын үзіп алмау екендігі дәріптелген. (Шын мәнінде, Қали Шәйіге туыс та емес, бірақ Тазабектің әлсізге пана болған мейірбан, азаматтық қасиеті арқасында олар туыстарша араласып, бірге септесе өмір сүрді, бірін-бірі бауыр көрді).

Орыстар үйін өртеп қастандық жасағанда «Басына күн туғанда ағайыннан артық қамқоршы жоқ екеніне Тазабектің көзі жетті. Көрпе, жастық, киім-кешек, төсек-орыннан жұрдай болған Тазабек шешесі мен әйелін қалай үйге әкелерін білмей дал еді, жағдайын естіген алыс-жуық жұрт үйге төсейтін текеметін де, жататын көрпе-жастықты да бәрін жарты күнде жиып әкеліп бергенде әрі риза болды, әрі таңқалды...» дейді автор. Яғни қиналған адамға жылу жиып беру секілді қазақ дәстүрі астарынан да бауырмалдық, ағайыншылық, мейірім құндылықтары көрінеді.

Қазіргі қазақ әдебиетіндегі замандастарымыздың бейнесінен (тарихи шығармалар емес) қара басының қамын ойлаған, тасбауыр, безбүйрек кейіпкерлерді көптеп кездестіргенде, тіпті ағайынды адамдар бір-бірінің үйіне шақырусыз бармайтын болған бүгінгі заманның кейіпкерлерін танығанда, ұлттық құндылықтар бағдары неге тым қатты өзгеріп бара жатыр деген ойға еріксіз тірелесің. Мұның барлығы халықтың өмір сүру формасының өзгеруінен деп жауап табу, тым оңай секілді. Рас, қазақ әрқашан қауымдасып өмір сүрген. «Қызға қырық үйден тыйым» салған. Бұл қырық үй ымдасып, ымыраласып өмір сүргенін көрсетсе керек. Қырық үй жабылып, бір үйдің жыртқығын жамауға, жоғын бүтіндеуге тырысқаны. Яғни бөгде үйдің қызына тыйым салу үшін адамның моральдік құқы болғаны. Қоғамда болып жатқан келенсіздіктерді жөнге салуға да, тентегін тыюға да моральдік құқық керек деген сөз бұл. Сонда, бір қарағанда адамдар арасындағы кішкентай бауырмалдық, ағайындық секілді қатынастар үзілген жерде өзге де үлкен бассыздықтар бой көрсетеді деп түсіну керек мұны.

Роман идеясындағы қастерленетін негізгі құндылық – тәуелсіздік. Жазалаушы отряд қуғанда Қытайға, Қытайға барған кезде қалмақтардың



өзінен қашып, қайта елге оралмақшы болған, аштық пен қуғынның, жайсыздық пен жұттың азабына түскен, намысы тапталған, қорланған халықтың халі, біресе орыс, біресе қалмақтың зорлығын көрген қыз-келіншектердің аянышты тағдыры шынайы көрсетілген. Ешкімге жалтақтамайтын, өз тағдырын өзі шешетін ел болу деген ең аялы арманы жүректерінде сақталғанын, ұрпағын аман алып қалуға ниетін, сол жолдағы күрескерлік әрекетін, шынайы тарихты көрсететін қаламгер мұраты жас ұрпақтың көзін ашып, рухын қайрау секілді. Дегенмен, жығылғанға демеу болған, қызын күң, ұлын құл қылмас үшін, ел қамын ойлар ерлер де табылды. Солардың бірі – Тазабек. Шығармада оның моральдік-этикалық қасиеттері, әлеуметтік белсенділігі мен жауапкершілік сезімі, намысы арқылы биік адамгершілік-азаматтық образы сомдалған.

Романда көтерілісшілерді бастық деген желеумен жасалған орыс әскерлерінің небір жауыздықтары тәптіштеп суреттелген. Бұл сұрқия деректерді оқу оқырманға да оңай емес. Жазалаушы отрядтың істеген небір жан түршігерлік зобаландарын, айуандықпен өлтірілген анасы мен төрт баланың денесін көзімен көрген Тазабек, жағасын ұстап: «Бір атаның тұқымы осылармен тыйпыл болды ма, кім біледі? Бар қазақ қарсы болса да, әй, осы төртеуі ақ патшаның жарлығына қарсы бола қойған жоқ шығар?! Тіпті ақ патшаның, қара патшаның кім екенін де білмейтін шығар?!» - деп толғанады. Сонда талай адамның қанының нақақ төгілгені айдан анық көрінеді.

Көтеріліс кезінде аяусыз жаншу да болғаны, рас. Ал шындықты сол күйінде бүркемелеусіз жеткізгені үшін қаламгерлерді кінәлай алмайсыз. Мәселен, А.Сүлейменовтың «Бесатарында» да

ондай сұрқия жайттар бар. Олар қолға түскен орыс офицерінің «Атқан мен емес» деп өтірік ақталғанында, «Мен. Сен атты, сен ошаққа жықты деп отырған мен бар ма? Атқан да, жыққан да мен... Қара ормандай сынсып туған, сынсып тұрған жұртпыз ғой: біз үшін бала зәру боп па. Марқұм әкейдің жалғыз қалған баласы, Рекең, баласы Нұрғазының оң қолын шынтағынан қайырып алдық та, қойдың қиы жайнаған жер тандырға аттық та жібердік. Біз үшін бала зәру, азамат зәру, жолдас зәру боп па – аттық та жібердік...» деп жазалаушылардың жасаған небір (шапқан, тандырға салып өртеген, аузына тапаншаны тақап оқ жұтқызып, жесірдің өңменінен тепкілеген) айуандықтарын тізіп, «соларды істеген сен емес, мен» деп кекесінен, ашшы ажуамен, кеудені кернеген ызамен жеткізеді.

Екі жазушының да сұрқия жауыздықты көргендегі ой ағыны ұқсас, екеуі де ұрпақ, тұқым деген мәселелерге ойысады. Бұл әрине, екі мықты қаламгердің ойлау жүйесіндегі қисындылығымен көркемдік шеберлік межесіне қатар келуі секілді үндестік.

Жалпы, романда өмір, уәде, сенім, әділет, достық, махаббат, отбасы, қонақжайлылық, бауырмалдық, намыс секілді жалпы адамзаттық құндылықтар да оған қарсы мәндегі ұғымдармен салыстырыла суреттелген.

Роман соңында 1986 жылғы көтерілісте қаза болған Шәйінің немересі Кәусеннің өлімі туралы: «Кәусенді өлтірген – намыс. Орталықтан келген тергеушілер ол қызды әуелі зорлаған, содан соң қорқытып, қорлаған» деген шындықты журналисттен естіген Шәйінің жүрегі қысылып ауруханаға түседі. 15 желтоқсан күні көзін ашып, есін жиып, 16 желтоқсан тәуелсіздіктің ақ таңы атқанын көріп, егемен ел болып жарияланғанын естіп, «Құл-дай бар екен ғой!» деп көз жұмады. Азаттық пафосы кейіпкердің

соңғы демімен, соңғы сөзімен осылайша жеткізіледі.

Б.Нұржекеұлының «Әй, дүние-ай!» романымен қатар бір жинаққа енген «Отыз екі», «Суретшінің көңілдесі», «Жартастан шал құлапты терең суға», «Құбылық», «Шыққан жан» атты әңгімелері адамдардың бір-біріне ұқсамайтын алуан түрлі тағдырларын суреттеуімен ерекшеленеді.

«Жартастан шал құлапты терең суға» әңгімесі мына замандағы ұлттық құндылықтар бағдарының өзгеру үдерісіне арналған. Егер Абай заманында:

«Етімді шал сипаған құрт жесін жеп,

Жартастан қыз құлапты терең суға»,

– деп қыз суға секірсе, бұл заманда ақша үшін арын сатып небір қитұрқылықтарға баратын қыз емес, керісінше қызға алданып аяғын шалт басқан шал жартастан құларлықтай болып, жан азабын басынан кешеді. Әрине, жалпы ұлттық нормаларға қайшы келетін бұл парадокс ирониялық модуста берілсе де өмір шындығынан бір мысқал ауытқымайды. Себебі ары үшін жанын садақа ететін кешегі қазақтың өзгеруіне бір жағынан сеп болып отырған ең әуелі қоғамдағы әлеуметтік тенсіздік емес, одан да сорақысы әлеуметтік әділетсіздік мәселесі де бар.

«Құбылық» әңгімесінде Дәулет деген адамның отыз бес жыл отасып, бес бала сүйгізген бірінші әйелін тастап, өзінен он бес жас кіші, үш баласы бар әйелмен бас қосқан өмірін баяндайды. Әрине, алғашқы он жылы тату-тәтті жақсы өткенімен, араларында жақындастыратын дәнекер болмағандықтан, екінші жарының «құбылық» іспетті баласы олардың отбасылық өмірін ойран етеді. Ақыры, құдасының үйіне қонаққа барғанда өз немересінің еш жатырқамай, тізесіне отырып еркелеуі, баладан тәтті бір ғажап иістің келуі, жары мен балаларынан ұялып, қысылуы, жүрек талмасына әкеліп соғады. Мұнда да қазақы тірлік үшін маңызды әр жастың өз қызығы уәж етілетіндей. Ұлттық түсінікте адам қартайған шағында құда, құдағидың сыйластығына марқайып, балаларының қызығын көріп, немерелерін тәрбиелеп, солардың тілеуін тілеп отырғаны жарасымды. Ал кейіпкер қазіргі батыстан келген «өмір адамға бір-ақ рет беріледі, өз қалағанымша сүрмесен, оның несі өмір?» деген келте түсінікке еріп, құбылық сезімдерге бой алдырып, алданып ақыры өкінішке ұрынып отыр.

«Шыққан жан» әңгімесінің де сюжеті өмірде көп кездесе бермейтін тосын оқиғалардың біріне, Қайран мен Үлдір атты ерлі-зайыптылардың өміріне арналған. Үлдір жас кезінде Қайранның көзіне шөп салады. Қайран екі баласын өте қатты жақсы көргендіктен де Үлдірмен ажыраспайды. Алайда, оны өмір бақи кешірмейді, бір шаңырақ астында тұрғанымен, өле-өлгенге дейін әйеліне емірене тіл қатпай, бір рет жақындаспайды, бір бөлмеде, бірақ бөлек төсекте жатады. Олардың өмірі үлкен психологиялық арпалысқа құрылған, сырттай барлығы жақсы көрінгенімен, отбасылық өмірлері жоқ, жақындық, жылулық жоқ, Қайран Үлдірді ар азабының абақтысына қамап жазалағандай, әуелі әйелі ауырып ауруханаға түскенде де, тіпті бақұлдасып соңғы сөзін айтқанда да күйеуінің көңілі бір жібімейді. Бұл туралы шығармада: «– Сен... мені... оңдылмай жазаладың...» – деді жыламырап... – Біл-ллақ балалалыма білділмегенің үшін ллахмет! Өлген соң да айтпасаң, аллуағым, лиза.

– Айтпаймын. Бірақ біліп қой: сен де мені жазаладың, мен де саған бола он жеті жыл бойы отбасы бар, бірақ әйелі жоқ адам болып өмір кештім», – дейді. Әрине, қатал жаза. Осы оқиға арқылы жазушы ұлт үшін қастерлі ақ некеге адалдық, сезімге адалдық секілді адамгершілік құндылықты паш етеді.

Біз бүгін Бексұлтан Нұржекеұлы шығармашылығындағы ұлттық құндылық атты алтын көмбенің бір парасын ғана ақтардық. Шығармаларының көркемдік, философиялық қат-қабат астарында жасырынған әлі талай көмбені қазып алу келешек еншісінде.

Солтанаева Еркінгүл Молотқызы,
Дл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық
университетінің оқытушысы,
филология ғылымдарының кандидаты



Еңбек еткеннің қашан да еңсесі биік

Бұған еңбектестерінің Тоқтарбай Керімқұловқа көрсеткен құрметі дәлел



Тоқады бүкіл Жаркент жерінде танымалың жан жоқ десек, артық айтқандық болмас. Тіпті Талдықорған тарабы мен Алматы аймағында да аты-жөні, азаматтық ізгі де ірі іс-әрекеттері туралы әрдайым жылы лебіздер айтылып жатады.

Бұл әлбетте, тегіннен-тегін емес. Ол Алтыұй ауылында орта мектепті ойдағыдай аяқтаған соң, Алматы зоотехникалық-малдәрігерлік институтын зоотехник мамандығы бойынша бітірген. Алматы облыстық мәслихатының І және ІІ шақырылымдарының депутаты болып сайланған. Еңбек жолын Қазақстан ЛКЖО Панфилов аудандық комитетінің бөлім меңгерушісі болып бастап, одан соң осы органның екінші хатшысы, БЛКЖО Панфилов гарнизоны №48386 әскери бөлімі комитетінің хатшысы, «Қазан» қой кеңшарының бас зоотехнигі, халық депутаттары Қоңырөлең ауылдық Кеңесінің төрағасы, Калинин атындағы ұжымшардың партком хатшысы, төрағаның орынбасары, Панфилов дайындау кеңсесінің директоры, «Красный Восток» ұжымшары мен «Алматау» өндірістік кооперативінің төрағасы, «Шары» мемлекеттік ұлттық-табиғи саябақ директорының орынбасары, Панфилов ауданы әкімі аппаратының басшысы, «Кеңес» консалтингтік орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің атқарушы директоры қызметтерін атқарды. Иә, сөйтіп, бастапқыда комсомолдың қазанында қайнап, бұдан кейін мамандығы бойынша мал шаруашылығын күйттеген. Сонан соң селолық Советтің «суын ішіп», партияның «пешінде піскен». Шикілі-пісілі шактан өтіп, шыныққаннан кейін дербес мекемелер мен шаруашылықтарды басқарып, жұмыстарын дүрілдетті. Арада біраз уақыт Табиғат-Ананын құшағында тербеліп, аң-құсын, тал-терегін түгендеді, алтын іздеп, тау-тасын дірлдетті. Аудан әкімі аппаратына басшылық етіп, шенділермен шендесе, бұқарамен біте қайнаса қызмет қылды. «Жеті рет өлшеп, бір-ақ кесетіндіктен» өз ісіне әрдайым сенімді болды. Әсіресе, елдік мәселе сын тезіне түскенде ешқашан енжар қалған емес. Кесек сөйлеп, кесіп тастайды. Тура тартып, турап жібереді.

Өндірісті өрге сүйреп, ұтқыр ұйымдастырғыштығымен танымал болған Тоқандық әдебиет пен мәдениетке де қашан да бір бүйрегі бұрып тұрады. Өнерді, өнерпаздарды үнемі бағалай-құрметтей білетін зиялылығын да жұртшылық жақсы біледі. Сөзімтал да сұңғыла калпы мен асқарқын да әзілқой мінез-құлқына орай ма екен, тілімен құс қайырған ақын-жазушы да, есімі елге әйгілі әнші-әртіс те айтуейір бұған үйір.

Өзі де әсем әуенді беріле тыңдап, жақсы жыры тұшына оқиды. Көңіл хошы келгенде «Тобылғы сайдан» тартып «әу» деп қоятыны да бар. Ал орайы келгенде орып жіберетін сөз

саптауы мен қалт еткенді қағып түсер қырғи тілі шырққанда тіптен уытты. Табан астында тауып айтатын күлкілі әзіл-қалжыңы болса, көңіліне шуақ шашып, жаныңды жадыратады.

Тоқаң ақырғы жеті жылдың ауқымында Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Су ресурстары комитеті шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қазсушар» мемлекеттік республикалық қазыналық кәсіпорны Алматы филиалы Панфилов өндірістік учаскесінің басшысы болып қызмет етті. Қанына сіңген қасиеті бойынша мұнда да қарқынды қызмет етіп, тұралап жатқан мекемені аяғынан тік тұрғызды десек те болады. Бұл мекемені 18,8 миллион теңге қарызымен қабылдап алып, бірер жылда облыс қана емес бүкіл республикадағы алдыңғы қатарлы су шаруашылықтарының қатарына қосты. Мекеменің қарызы төрт жылдың ішінде толық жабылып, ақшаны тиімді жұмсау арқылы түскен 180 миллион теңгеге 2 тиегіш, 2 эксковатор, 1 КамАЗ, 1 кран, 3 «Нива», 8 мотоцикл сияқты қажетті техникалар алынған. 465 миллион теңгеге «Тышқан» гидрокондырғысы және 169 миллион теңгеге «Шежін» гидротарабы күрделі жөнделіп, «Өсек» гидротарабына қарасты өзен жағалаулары 83 миллион теңгеге жасалған. 2016 жылы мекеме теңгеріміне алынып, тиісті жұмыстары талап деңгейінде тындырылған «Шежін» гидротарабы арқылы бұрынғы 500 гектардың орнына қазір 2000 гектар егістік суарылуда. 2019 жылды Алматы облысындағы тоғыз аудан арасында тек Панфилов өндірістік учаскесі ғана таза табыспен тәмамдаған. Бүкіл облыс көлемінде берілген 1,1 млрд. текше метр судың 42 млн. текше метр осы мекеме қамтамасыз еткен.

Сөйтіп, еңбекпен етене өскен Тоқаң осыдан бір айда астам уақыт бұрын ғана тура Жана жыл мерекесі қарсаңында ақсақалдық жасқа жетіп, құрметті еңбек демалысына шықты. Аудан басшылығы бүкіл активтің алдында ауқымды сый-құрметін жасады. Ал өзі басқарған мекеме еңбеккерлерінің қошаметі тіптен тәнт етті. Әрине, шапан жауып, ат мінгізу – ежелден еншілеген дәстүріміз ғой. Әйтсе де, екінші бірине мұндай ілтипат көрсетіле бермейді. Әсіресе, кеше ғана билігін жүргізген басшы атаулыға. Бірақ, бұл тұрғыда Тоқаңның мерейі тіптен үстем болды. 2020 жылғы 23 желтоқсанда мекеме ғимаратында ҚР ЭГТРМ СРК «Қазсушар» ШЖҚ РМК Алматы филиалы директорының экономика жөніндегі орынбасары С.Құдайбергенов, директордың кеңесшісі А.Сейдіғалимов және кадр бөлімінің басшысы Д.Абдрахмановтың қатысуымен үлкен салтанатты жиналыс өтті. Осы басқосуда дәстүрлі сый-сияпаттарына қоса бүкіл ұжымның ортақ ой-пікірін тұжырымдап айтқан мекеме басшысының орынбасары Юлдаш Бешіров тың ұсыныс жасады. Баршаға белгілі, ауданымызда Киров атындағы канал бар. Ұзындығы – 23,5 шақырым. 2018 жылы Тоқаңның басшылығымен оған күрделі жөндеу жүргізіліп, су өткізу қуаты 4,3 текше метрге жетті. Қазіргі таңда жаркенттік диқан қауымы осы су арнасы арқылы 2044 гектар егістігін ылғалдандырып, ел игілігін молайтып отыр. «Жазиралы Жаркентіміздің ырыс-берекесін еселеп арттырып тұрған осынау каналды ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына, оның ішінде әсіресе, су шаруашылығына зор еңбек сіңірген Тоқтарбай Керімқұловтың есімімен атауды ұсынамыз!» деді ол әріптестері атынан.

«Халық қаласа, хан түйесін сояды» деген. Ел-жұрт ер-азаматтың ерен еңбегін елеп, ұсыныс айтқан екен. Естірі құлаққа жетіп, іске асса нұр үстіне нұр болар!

Әділ АЙТҚАН



АДАЛДЫҚ ЖОЛЫНАН АЙНЫМАЙЫҚ

2021 жылдың 3 ақпанында Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі және Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің бастамасымен «Парасат жолы» жобасы салтанатты түрде таныстырылды. Іс-шараға Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы агенттіктің төрағасы Алик Шпекбаев, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрі Ақтоты Райымқұлова және қоғам қайраткерлері мен дін өкілдері қатысты.

Өткен жылдың тамыз айында Антикор Ұлттық академиялық кітапхана базасында ғылыми және шығармашылық зиялы қауым өкілдерімен, көрнекті мемлекеттік және қоғам қайраткерлерімен тікелей эфирлер ашты, онда олар адалдық, әділеттілік және парасаттылық қағидастарын ілгерілетудің маңыздылығы туралы айта келе, халық арасында кеңінен таралған мұндай кездесулер сыбайлас жемқорлыққа қарсы азаматтық бастамалардың өзіндік «фабрикасы», жастардың белгілі ақындармен, жазушылармен, ғалымдармен, мемлекет және қоғам қайраткерлерімен кездесу орны ашылды.

Парасаттылық идеологиясын насихаттау мен ілгерілетудің маңыздылығын ескере отырып, кітапханалар базасында «Парасат жолы» филиалдарын жаппай ашып, елордалық тәжірибені еліміздің барлық өңірлеріне тарату туралы шешім қабылданды. Кездесуге қатысқан ғылыми және шығармашылық зиялы қауым өкілдері бүгінде ашық орталықтар ел игілігі үшін игі идеялар мен бастамалардың тартылыс нүктелеріне айналатынына зор үміт білдіре отырып, іс-шара барысында Алик Шпекбаев пен Ақтоты Райымқұлова екі ведомство арасындағы өзара ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойды.

Ал 10 ақпан күні С.Сейфуллин атындағы Алматы облыстық кітапханасында Алматы облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы және Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің арасындағы өзара ынтымақтастық кездесу өтті.

Ынтымақтастық кездесу барысында Алматы облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Марлен Көлбаев және ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Алматы облысы бойынша департаменті басшысының орынбасары Жандос Жұмабаев «Парасат жолы» жобасының мәні мен маңызына тоқталып, Алматы облысының әр өңірінде аймақтық орталықтардың ашылуына тапсырма берді.

Осыған орай 17 ақпан күні «Панфилов ауданы әкімінің аудандық кітапханасы» мемлекеттік мекемесіне қарасты 26 кітапханада «Адалдық алаңы» жобасы аясында 3 «Парасат жолы» орталығы, 22 бұрыш ашылды. Жана орталықтардың жұмысы – адалдық, парасаттылық қағидастарын қалыптастыруға, ұлттық мәдениет пен руханият құндылықтарын ілгерілетуге ықпал ету.

Тұңғыш Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев: «Сыбайлас жемқорлық – бұл ғаламдық мәселе, одан әлемнің бірде-бір мемлекеті, бірде-бір саяси жүйе, бірде-бір саяси тәртіп қорғалған емес. Сондықтан, бұл індетке бірлесе қарсы тұруымыз керек»-деп айтып өткеніндей жемқорлардың көбейіп бара жатқандығының бірден-бір себебі – адамдардың кітап оқуға деген құлшынысының жоқтығы. Парасаттылыққа, адалдыққа үйрететін құрал – ол кітап». Кітап оқыған көзі ашық адам әдебиет және руханиятты негізге ала отырып келелі әңгімелер арқылы қоғамда парасаттылық идеологиясын қалыптастырып отырады. Адам бойындағы парасаттылық арқылы жемқорлыққа қарсы мінез-құлқтың үлгісін қалыптастыруға, адамгершілік нормаларын сіңіру бағытында Панфилов аудандық кітапханасы осыған дейін біршама жұмыстар атқарды және болашақта да атқара бермек.

«Парасат жолы» жобасының негізгі үш тірегі – өзара түсіністік, құрмет пен сенім болғандықтан Панфилов аудандық кітапханасы алдағы уақытта «Адалдық алаңы» жобасының «Парасат жолы» орталықтарында жастарға сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасын қалыптастыру және адалдық, парасаттылық, әділдік, сенім қағидастарын ту етіп ұстау мақсатында ауданымыздың зиялы қауымымен бірге студенттер мен оқушылардың қатысуымен түрлі сауалнамалар, дебаттық сайыстар, челленджер және пандемияға байланысты белгілі адамдармен тікелей эфирлер, жастарға дұрыс бағыт беретін әңгімелер, дөңгелек үстелдер, ұжым арасында «Біз жемқорлыққа қарсымыз!» тақырыбында түрлі тренингтер мен жиналыстар, семинар сағаттар жоспарлауда. Біздің мақсатымыз: кейінгі ұрпаққа қуатты экономикасы мен берік рухани-адамгершілік негізі қалыптасқан мемлекетті қалдыру». Сыбайлас жемқорлыққа қарсы агенттіктің жұмыстарын біз кітапханашылар қолдаймыз! Ашылып отырған барша орталықтардың жұмыстарына сәттілік тілейміз!

Дария СУЛТАНБЕКОВА,
Панфилов аудандық
кітапханасының директоры.



«ЖАРКЕНТ АЙНАСЫ» ГАЗЕТІ
Меншік иесі: «БАҚ» ЖК
Директор – Дархан БЕЙСЕНБЕК
Бас редактор – Молот СОЛТАНАЕВ
Бас редактордың орынбасары –
Қали ИБРАЙЫМЖАНОВ
Дизайнер – Әділет МҰСАХАЕВ

Газеттің эл.почтасы:
jar-aina@mail.ru

➤ Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 13.09.2018 ж. тіркеліп, №17270-Г куәлігі берілген.
➤ Газет «Жаркент айнасы» компьютер орталығында теріліп, беттелді.
➤ Газет индексі - 65161
➤ Автордың материалдары редакцияның көзқарасын білдірмейді.
➤ Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.
➤ Газет Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр кентіндегі «Принт плюс» баспаханасында басылды. Офсеттік басылым.
➤ Нөмірдің таралымы: 1000 дана

Мекен-жайымыз:
Алматы облысы,
Жаркент қаласы,
Е.Сыпатаев көшесі,
242 үй, 14 пәтер
Тел.: 8/705/412-78-48;
8/705/277-16-91;
8/777/971-57-67
Газет екі аптада бір жарыққа шығады.
Тапсырыс: №3085

